

"PayDA" бонустық бағдарламасы " науқанын өткізу талаптары

1. Негізгі ережелер

1.1. Осы талаптар "Еуразиялық банк "АҚ төлем карточкаларын ұстаушылар - жеке тұлғалар үшін" "PayDA" бонустық бағдарламасы" науқанының тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

1.2. Науқанды "Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі - Банк) өткізеді.

1.3. Науқанды өткізу кезеңі - 2023 жылғы "01" шілдеден бастап, егер Банктің Уәкілетті органы Науқанның қолданылуын тоқтату туралы шешімі қабылданса, жыл сайынғы автоматты түрде ұзартумен келесі күнтізбелік жылға дейін.

1.4. Науқан Талаптарын қолданысқа енгізу, тоқтату және өзгерту туралы шешімді Цифрлық банк блогының Карточкалық және Төлем бизнесіне жетекшілік ететін Басқарушы директор деңгейінен төмен емес Басшы қабылдайды.

1.5. Осы Талаптарда пайдаланылатын жалпы түсініктер:

Науқан— Банктің клиенттерінің бейілділігін сақтауға, сондай-ақ "Еуразиялық банк" АҚ шығарған төлем карточкаларын пайдаланумен қолма-қол ақшасыз операцияларды ынталандыруға, депозиттік базаны арттыруға, кредиттерді және жаңа төлем карточкаларын ашуға бағытталған науқан.

Бонус - Науқанға қатысушы осы Талаптарға сәйкес келетін белсенділік танытқан кезде Банктің меншікті қаражаты есебінен Науқан Қатысушысына берілетін шартты бірлік. Бонустар Науқан Қатысушысының арнайы Бонустық шотында жиналады.

POS-терминалдарды және E-Com пайдаланумен жұмсау операциялары үшін 1 Бонус (BNS) 1 теңгеге (KZT) тең.

Бонустық шот - Бонустарды есептеуді/жұмсауды есепке алу үшін арналған Науқанға Қатысушының Банкпен ашылатын арнайы шоты.

"PayDA" бонустық бағдарламасы-бұл сатып алғаны үшін бонустарды есептеуге негізделген Банктің төлем карточкаларын ұстаушыларды - клиенттерді ынталандыру және көтермелеу жүйесі.

Транзакция күні - Науқан Қатысушысымен төлем карточкасының және интернет-банкінг көмегімен тауарлар мен қызметтерді төлеу бойынша транзакцияның жасалу күні.

Интернет-банкінг немесе Smartbank — Науқан Қатысушысының банктік шоттарына қашықтықтан қол жеткізуге арналған банктік жүйе (<https://my.smartbank.kz>).

Кешбэк- Банктің уәкілетті тұлғасының Талаптарымен және шешімімен айқындалған мөлшерде және тәртіппен сатып алу құнының бір бөлігін қайтару. Кешбэк бонустық шотқа Бонустар түрінде есептеледі.

Серіктес — Науқан аясында Банкпен ынтымақтастық туралы шарт жасаған, Науқан Қатысушысына серіктестің сауда-сервистік кәсіпорындарында артықшылықтарды (тауарларға/қызметтерге жеңілдіктер, бонустардың көтеріңкі мөлшері және т.б.) алуға мүмкіндік беретін ұйым.

Транзакция - Нәтижелері бойынша Банкпен бонустарды есептеу жүзеге асырылатын Науқан Қатысушысының белсенділігі, оның ішінде Банктің ресурстарындағы шығыс операциялары, депозиттерді ашу, кредиттерді алу, тауарлар мен қызметтер үшін ақы төлеу операциялары, төлем карточкасын пайдаланумен банктік шоттарда қаражатты сақтау.

Науқан Талаптары— басталуы Банктің Науқанға Қатысушының бонустық шотына осы Талаптарда және Банктің уәкілетті тұлғасының шешімінде айқындалған мөлшерде және тәртіппен Бонустарды есептеу міндеттемесіне әкеп соғатын оқиғалар.

Уәкілетті орган - Науқанды іске қосу және тоқтату туралы шешімді қабылдауға уәкілдік берілген Банктің алқалы органы.

Науқанның Қатысушысы* — 18 жасқа толған Қазақстан Республикасының резиденті/бейрезиденті болып табылатын жеке тұлға, атап айтқанда Науқанның талаптарына сәйкес келетін белсенділікті жасаған VISA/MasterCard төлем карточкасының ұстаушысы.

E-com — төлем карточкасын пайдаланумен интернетте жасалған тауарлар мен қызметтер ақысын төлеу бойынша шығыс операция. Бұл белгі транзакцияның қалған төлсипаттарымен бірге халықаралық төлем жүйесімен беріледі.

MCC (Merchant Category Code) — сауда-сервистік кәсіпорындарды олардың қызметінің түрі бойынша жіктеу үшін сауда орны түрінің коды. Бұл кодты сауда-сервистік кәсіпорынға Эквайер-банк береді.

POS-терминал — төлем карточкаларын төлеуге қабылдау үшін қажетті электронды құрылғы.

Retail-транзакция — сауда-сервистік кәсіпорындардың POS-терминалдары желісінде төлем карточкаларды пайдаланумен және интернет-дүкендерде E-com-операциялары арқылы тауарлар мен қызметтер үшін ақыны төлеу бойынша шығыс операция.

Сүйікті санат — Науқанға қатысушыға Интернет-банкинг пен Smartbank-қа қосылуға мүмкіндік беретін бонустық шот опциясы, белгілі бір сауда және қызмет көрсету орындарында жоғары бонустар алу мүмкіндігі.

2. Жалпы талаптар

2.1. Науқанның мәні:

2.1.1. Науқанға қатысушыға Бонустық шотқа Бонустарды есептеу.

2.1.2. Науқанға Қатысушының Бонустарды пайдалануы (жұмсауы).

2.2. Науқанға жүргізілген күні Науқанды өткізу кезеңіне келетін және Науқанның талаптарына сәйкес келетін әр операция қатысады.

2.3. Науқанға қатысатын транзакциялардың түрлері мен есептелетін Бонустардың саны Цифрлық банк блогының Карточкалық және Төлем бизнесіне жетекшілік ететін Басқарушы директор деңгейінен төмен емес басшының шешімімен айқындалады, Науқанға өзге транзакциялар қатыспайды.

3. Қатысу тәртібі

3.1. Науқанның Қатысушысы атану үшін келесі әрекеттерді жасау қажет:

3.1.1. Төлем карточкасын пайдаланумен ағымдағы шотты ашу немесе Науқанды өткізу сәтінде төлем карточкасын пайдаланумен ағымдағы шоттың бар болуы.

3.1.2. Науқанды өткізу кезеңі ішінде Науқанның Талаптарына сәйкес келетін кез келген транзакцияны жасау. Барлық жеке тұлғалар, атап айтқанда Науқанның Талаптарына сәйкес келетін төлем карточкалардың ұстаушылары автоматты түрде Науқанның Қатысушылары атанады. Науқанның Қатысушылары Науқанға қатысуға және осы Талаптарды сақтауға өз келісімін береді.

3.2. Банк Науқанның Қатысушысына Бонустық шотты автоматты түрде ашады.

3.3. Бонустық шот бойынша қалдықты және қозғалысты (кірісті/шығысты) қарау Интернет-банкингте/Smartbank-та қолжетімді.

3.4. Көтеріңкі бонустарды алу үшін Науқанның Қатысушысына Интернет-банкингте/Smartbank-та «Сүйікті санаттар» тарауында Бонустық шоттың қажетті опциясын қосу қажет.

4. Бонустарды есептеу тәртібі

4.1. Есептелетін бонустардың сомасын Банк Науқан Талаптарына сәйкес келетін транзакцияларды өңдеу фактісі бойынша есептейді және "Ойын-сауық" санаты бойынша Банк есептеген Бонустар үшін күнтізбелік 15 күн ішінде және барлық басқа санаттар үшін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Бонустық шотта көрсетуге қолжетімді болады.

4.2. Бонустардың сомасы бүтін санның жүздік үлестеріне дейін аз жағына қарай ықшамдалады, сосын осы сома Науқанның Қатысушысына есептеледі.

4.3. Сатып алу операциясы болмаған (қайтарылған) жағдайда Бонустық шоттағы қалдықтың мөлшері қайтарылған операцияның Бонустарының сомасына азайтылады.

4.4. Банк өз қалауынша, Науқанның Талаптарынан тыс кезде де Бонустық шотқа қосымша Бонустарды акцептісіз тәртіпте есептеуге құқылы. Қосымша есептелген Бонустардың мақсаты Интернет-банкингтегі/Smartbank-ғы Бонустық шот бойынша үзінді-көшірмеде көрсетіледі.

4.5. Қосымша карталар бойынша Бонустарды есептеу төлем карточкасының негізгі ұстаушының бонустық шотына жүзеге асырылады.

4.6. Клиент тиісті нұсқаудың күшін жойған немесе оның орындалуын тоқтата тұрған жағдайларда, сондай-ақ келесі операцияларды жүргізген кезде Бонустар есептелмейді:

- қолма-қол ақша алу (оның ішінде банкомат арқылы немесе қолма-қол ақшаны беру орны арқылы);

- төлем карточкасын пайдалана отырып ағымдағы шотқа ақша аудару;

- бұрын тауардың/қызметтің төлеміне есептен шығарылған ақшаны төлем карточкасын пайдалана отырып, ағымдағы шотқа қайтару;

- жол чектерін, сондай-ақ ақшаның аналогтарын (криптовалюта, электрондық валюта және т. б.) сатып алу;

- шетел валютасын сатып алу және шетел валютасын сатып алумен байланысты комиссияларды төлеу;

- ұтыс тігулер мен бәс тігулерге, лотерея билеттеріне, жүлделер немесе өзге де көтермелеулердің ұтыс ойындарына қатысу құқықтарына төлеу;

- ақша аударымы;

- тиісті шарт бойынша ҚР екінші деңгейдегі банктері алдындағы берешегін төлеу;

клиенттің шоттарына қойылған шектеулер/тыйым салулар болған кезде; Уәкілетті органдарды, екінші деңгейдегі банктерді, сот орындаушыларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, қолданыстағы заңнама негізінде салынған;

- B2B бизнес қызметтері мен сервистерге төлеу;

- электронды әмияндарды толықтыру;

- телефон арқылы сатуды қоса алғанда, телекоммуникациялық жабдықты сатып алу;
- жарнамалық қызметтерге төлеу;
- ломбардтарда төлеу;
- сот орындаушыларының қызметтеріне және/немесе сот қызметтеріне/баждарына төлеу.

5. Бонустарды пайдалану тәртібі

5.1. Есептелген бонустарды келесі жолдармен пайдалануға болады:

5.1.1. Кез келген POS-терминалдарда төлеу.

5.1.2. Кез келген интернет-дүкендерде төлеу.

5.1.3. Төлемдерді Smartbank-та төлеу

5.2. Банктің бұрын әрекет еткен науқандары бойынша есептелген бонустар ағымдағы Науқанның шеңберінде де пайдаланылуға (жұмсалуға) қолжетімді.

5.3. Есептелген бонустардың қолданылу мерзімі – 12 ай. Пайдаланылмаған бонустар олардың бонустық шотқа есептелген күннен бастап 12 айдан кейін күйіп кетеді.

5.4. Клиент тиісті нұсқаудың күшін жойған немесе оның орындалуын тоқтата тұрған жағдайларда, сондай-ақ мынадай операцияларды жүргізген кезде есептелген бонустарды жұмсауға жол берілмейді:

- қолма-қол ақша алу (оның ішінде банкомат арқылы немесе қолма-қол ақшаны беру орны арқылы);
- бұрын тауардың/қызметтің төлеміне есептен шығарылған ақшаны төлем карточкасын пайдалана отырып, ағымдағы шотқа қайтару;
- жол чектерін, сондай-ақ ақшаның аналогтарын (криптовалюта, электрондық валюта және т. б.) сатып алу;
- шетел валютасын сатып алу және шетел валютасын сатып алумен байланысты комиссияларды төлеу;
- ұтыс тігулер мен бәс тігулерге, лотерея билеттеріне, жүлделер немесе өзге де көтермелеулердің ұтыс ойындарына қатысу құқықтарына төлеу;
- ақша аударымы;
- тиісті шарт бойынша ҚР екінші деңгейдегі банктері алдындағы берешегін төлеу; клиенттің шоттарына қойылған шектеулер/тыйым салулар болған кезде; Уәкілетті органдарды, екінші деңгейдегі банктерді, сот орындаушыларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, қолданыстағы заңнама негізінде салынған;
- B2B бизнес қызметтері мен сервистерге төлеу;
- электронды әмияндарды толықтыру;
- телефон арқылы сатуды қоса алғанда, телекоммуникациялық жабдықты сатып алу;
- жарнамалық қызметтерге төлеу;
- ломбардтарда төлеу;
- сот орындаушыларының қызметтеріне және/немесе сот қызметтеріне/баждарына төлеу.

6. Науқанның басқа талаптары

6.1. Науқанның Қатысушысының Науқанның әрекет ету кезеңі ішінде Бонустарды есептеуге байланысты кез келген наразылығы бойынша Банктің Науқанның талаптарын бұзғаны үшін Науқанның Қатысушысының алдындағы жауапкершілігі Науқанның Қатысушысымен таласты транзакция бойынша Бонустардың тиісті сомасын есептеумен шектеледі. Банк даулы транзакция бойынша тергеу аяқталғанға дейін Клиентке тиісті Бонустарды есептеуден/пайдаланудан (Бонустарды бұғаттаудан) бас тартуға құқылы.

6.2. Банк Науқанның жаңа редакциясының электрондық нұсқасын/Банктің Уәкілетті тұлғасының шешімін корпоративтік сайтта (www.eubank.kz) орналастыру және / немесе Уәкілетті орган тиісті шешім қабылдаған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей

Науқанға Қатысушыларды SMS-құлақтандыру (банктің қалауы бойынша) арқылы немесе Банктің уәкілетті органы тиісті шешімді бекіткен/қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей күшіне енетін жаңа редакциядағы шарттарды бекіткеннен кейін бұл туралы Науқанға Қатысушыларды хабардар ете отырып, Науқан талаптарына біржақты тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

6.3. Науқанға қатысу арқылы Науқанның Қатысушысы Науқанның талаптарына өзгертулерді және толықтыруларды өздігінен қадағалауға келісімін береді. Науқанның Қатысушысының осы Ережелердің жаңа оқылымының күшіне енгеннен кейін Науқанның талаптарына сәйкес келетін транзакцияларды жасауы Науқанның Қатысушысының Талаптардың жаңа оқылымымен келіскеніне растау болып табылады.

6.4. Банк Науқанға Қатысушыны ескертусіз және кез келген себеп бойынша, оның ішінде Науқанның Қатысушысы Науқанның талаптарын сақтамаса және/немесе оларды теріс пайдаланған кезде** Науқанның Қатысушылары қатарынан шығаруға құқылы.

6.5. Банк келесі жағдайларда алдын ала ескертусіз Клиенттің Науқанға қатысуын тоқтата тұруға, шектеуге, сондай-ақ біржақты тәртіппен тоқтатуға құқылы:

- Банкте кәсіпкерлік қызметті, оның ішінде туристік қызметті жүргізу мақсатында Науқанды пайдаланды деп есептеуге негіз болған жағдайда;

- Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасын және/немесе "Еуразиялық банк" АҚ банктік және өзге де қызметтерді көрсетудің стандартты шарттары шеңберінде Клиент қабылдаған міндеттемелерді бұзған жағдайда (қосылу шарты), оның ішінде қосылу шарты бойынша мерзімі өткен берешек болған жағдайда;

- Банктің қалауы бойынша басқа жағдайларда.

6.6. Банк Клиентке Бонустар есептелген Операцияның жасалғанын растайтын чектерді / өзге де құжаттарды ұсыну туралы сұрау салуға құқылы. Клиент Банкке көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Банк Клиентке тиісті Операция үшін Бонустар есептеуден бас тартуға құқылы.

6.7. Банк халықаралық төлем жүйелерінен деректерді табыстаудың және транзакцияның басқа белгілерінің (мысалы: МСС коды, электронды коммерция белгісі және т.б.) дұрыстылығы үшін жауапкершілікте болмайды және Бонустарды алынған ақпаратқа сәйкес ешқандай өзгеріссіз есептейді.

6.8. Бонустарды есептеу бойынша оқиғалар қатысатын есептеудің барлық ережелері үшін (мысалы депозитті сақтау, кредитті алу және т.б. үшін Бонус), Банк алаяқтық әрекеттерді болдырмау және бейілділік бағдарламасын теріс пайдаланбау мақсатында оқиға (кредитті беру, депозитті толықтыру) орын алғаннан кейін 3-ші жұмыс күнінде оқиғаны өңдейді. Осындай оқиғалар бойынша Науқанның Қатысушысы бонустарды Банкпен өңдеу жүргізілгеннен кейін ғана алады.

6.9. Банктің Сүйікті санаттарын біржақты тәртіппен қосуға/алып тастауға, Сүйікті санаттарда бонустарды есептеу мөлшерін және/немесе шарттарын өзгертуге, Науқан Талаптарына сауда және сервис пункттерін қосуға/алып тастауға құқығы бар.

*Барлық мәмілелер (жинақтаушы шотты ашу, қарыз шартын жасау, төлем карточкасын шығару) Банктің ІНҚ-пен қарастырылған "Еуразиялық банк АҚ банктік және өзге қызметтерді ұсынудың стандартты талаптарында жасалады (Банктің бөлімшелерінің қажетті қорытындыларын алу, Банкпен айрықша қатынас бойынша қатыстылығына, табыстарды жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет бойынша талаптардың сақталуына тексеру, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері және басқа нормативтік құжаттары аясында жүргізілетін басқа тексерулер).

** Науқанның талаптарын теріс пайдалану – Науқанның Қатысушысының (Банктің пікірі бойынша) Науқанның Талаптарын бұзатын әрекеттері, Науқанның Талаптарын және оның шарттарын сақтамау, алаяқтық әрекеттерін жасау, Науқанның аясында берілетін қайсыбір артықшылықтарды/ынталандыруды теріс пайдалану, Банктің Серіктестеріне жаңылыстыратын ақпаратты немесе қате деректерді ұсыну.

Егер Банкте ақшамен және (немесе) клиенттің басқа мүлкімен операциялар қылмыстық жолмен және (немесе) терроризмді қаржыландыру арқылы (немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

кылмыстық жолмен және (немесе) терроризмді қаржыландыру арқылы алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы әрекет ретінде жіктелген басқа әрекеттер арқылы) алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) қатысы бар екеніне негіз бар болса, Банк қызметкерлерінің бұдан әрі қарай әрекеттері Банктің ішкі нормативтік құжаттарының және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұған қосымша осы Талаптар аясында келесі әрекеттерді Банк Науқанның талаптарын теріс пайдалану ретінде қабылдайды:

- Клиенттің жеке төлем карточкасынан корпоративтік қажеттіліктерге тауарларды және/немесе қызметтерді күнделікті, мерзімді сатып алу;
- Супермаркеттерде, электроника дүкендерінде және басқа да сауда орындарында тауарларды көтерме, күнделікті, мерзімді сатып алу;
- Көтеріңкі бонустар алу мақсатында ритейл ретінде жасырылған Клиенттің төлем карточкалары бойынша аударым операцияларын орындау;
- Клиенттің төлем карточкасын пайдалана отырып, ағымдағы шоттағы ақша қалдығы үшін Бонустарды есептеу бойынша шектеулерді айналып өту үшін өз атына көптеген төлем карточкаларын ашуы;
- Клиенттің төлем карточкаларын пайдалана отырып, өз қажеттіліктері үшін емес, жаппай, күнделікті, мерзімді сатып алулар, атап айтқанда авиа және т/ж билеттерін сатып алу;
- өз қажеттіліктері үшін емес, Клиенттің төлем карточкаларын пайдалана отырып шетелдік интернет сайттарда тауарларды жаппай, күнделікті, мерзімді сатып алу;
- Клиенттің төлем карточкаларын ойын интернет сайттарында, виртуалды интернет казиноларда, букмекерлік кеңселерде, крипто валютасын сататын интернет платформаларда, QIWI, PayPal, Web Money виртуалды әмияндарын және олардың аналогтарын толықтыра отырып, күнделікті, мерзімді сатып алу;
- Телефон баланстарын толықтыру.